

Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгермеген түрінде беру қызметін көрсетуге арналған ҮЛГІ ШАРТ

Осы Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгермеген түрінде беру қызметін көрсетуге арналған үлгі шарты (бұдан әрі – Шарт) «Ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді жедел режимде беруді қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 205 бұйрығы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Оператор» деп аталатын «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының осы Шартқа қосылған, бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын тұлғаға фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгермеген түрінде беру қызметін көрсету талабын анықтайды. Оператор мен Пайдаланушы бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталады.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

1. Осы Шартта мынадай терминдер мен қысқартулар қолданылады:

Авторландыру деректері – логин/пароль және/немесе қатынау кілті және/немесе басқа нұсқасын Пайдаланушы қолдану арқылы Оператордың Деректерді өңдеу орталығына және/немесе басқа ресурстарына қашықтан қатынау мүмкіндігін алып, осы Шарт талаптары бойынша тиісті Қызметтерді толық функционалды пайдалануды бастайтын ақпарат.

Авторландыру – Пайдаланушыны сәйкестендіру және оның Жеке кабинетіне қатынау алу мақсатында іске асырылатын оператордың Порталындағы авторландыру деректерін енгізу ресімі.

1-өтінім – Пайдаланушы туралы мәліметтер бар электронды және/немесе қағаз жүзіндегі құжат. 1-өтінім нысанын Оператор бекітеді.

2-өтінім – Пайдаланушы, БКМ Пайдаланушы туралы мәліметтерді, Пайдаланушы таңдаған Қызметке қосылуы әдісі туралы ақпаратты және Тарифтік жоспар мен Қызметке қосылу күні туралы мәліметтер бар электронды және/немесе қағаз жүзіндегі құжат. 2-өтінімнің нысанын Оператор бекітеді.

БКМ – деректерді беру функциясы бар бақылау-касса машинасы.

Дербес шот – Пайдаланушы Қызметтерге төлем жасау шотына енгізген, көрсетілген Қызметтер көлемін, ақшалай қаражаттың түсуі және жұмсалуды есепке алуға арналған Оператордың талдау есебінің құжаты.

Жеке кабинет – Пайдаланушыға Дербес шоты жағдайын тексеруге, пайдаланылатын Қызметтерді басқаруға, соның ішінде Қызметтерді қосуға немесе қосудан бас тартуға, Тарифтік жоспарды өзгертуге, сонымен бірге

Оператор белгілеген талаптарға сай басқа әрекеттерді іске асыруға мүмкіндік беретін арнайы портал.

Есеп беру кезеңі – тиісті Қызметтер көрсетілген күнтізбелік ай.

Дербес деректер – осындай ақпарат арқылы анықталушы немесе анықталатын жеке тұлғаға қатысты кез келген ақпарат (дербес деректер субъектісі), соның ішінде аты-жөні, тегі, туған жылы, айы, күні және жері, мекенжайы, табысы, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңында қарастырылған басқа да ақпараттар.

Портал – www.oofd.kz. адресі бойынша орналасқан Пайдаланушымен интерактивті өзара әрекеттесуге арналған Оператордың интернет-ресурсы

Есептесу кезеңі – Есептік кезеңнің алдындағы толық күнтізбелік ай.

Тарифтік жоспар – Қызметтердің тізімін және құнын белгілейтін, оларды ұсыну ерекшеліктерін, тарифтелу және әрекет ету мерзімін анықтайтын Оператор орнатқан тарифтік ұсыныстар жүйесі. Тарифтік жоспарлардың сипаттамасы және Тарифтік жоспарға енгізілген қызметтерді көрсету талабы Шарт қосымшаларында көрсетілген.

Техникалық және ақпараттық қолдау – Қызметтерді көрсету мәселелері бойынша Оператордың Пайдаланушыға көрсететін ауызша және жазбаша кеңестері (ақпараттық қолдау), сонымен бірге Қызметтерді көрсетуге байланысты Оператордың жауапкершілігі аясында пайда болатын техникалық проблемаларды жою (техникалық қолдау).

Қызметтер – деректерді беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолданып іске асырылатын ақшамен есептесу операциялары туралы электронды ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгермейтін түрінде беру және Тарифтік жоспарға енгізілген басқа да қызметтер.

Оператор деректерін өңдеу орталығы – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес БКМ қолданып іске асырылатын ақшалай есептесу операциялары туралы электронды ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтауға мүмкіндік беретін бағдарламалық-аппаратты кешен орналасқан арнайы орынжай.

Электронды-цифрлы қол қою (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электронды-цифрлы қол қою құралдарымен құрылған және электронды құжаттың нақтылығын, оның тиістілігін және мазмұнының өзгермегенін растайтын электронды-цифрлы символдар жиынтығы.

VPN арна – БКМ-ның Оператордың деректерді өңдеу орталығымен қосылуын қорғауды қамтамасыз ететін виртуалды жеке желі.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2. Осы Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қосылу шарты болып табылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шарттың талаптарын Оператор

өздігінен белгілейді және Пайдаланушы оларды тек осы Шартқа жалпы қосылу арқылы ғана қабылдайды.

3. Шарт барлық Пайдаланушыларға таратылады және ол бұрын жасалған Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгермеген түрінде беру қызметін көрсетуге арналған үлгі шартын/ Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгермеген түрінде беру қызметін көрсетуге және бақылау-касса машинасын жалға беру арналған үлгі шартын (бұдан әрі – Үлгі шарты) ауыстырады. Шарт күшіне енген күннен бастап, қызметтерді көрсету талаптары осы Шарттың талаптарына сәйкес анықталады. Сонымен қатар Үлгі шартқа бұрын қосылған Пайдаланушы, Шарттың Порталда алғаш орналастырылған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ол Операторға Шарттан бас тартатыны туралы жазбаша хабарламаса, Шартқа қосылған болып табылады. Операторға мұндай өтінімнің көрсетілген мерзімде түспеуі, Пайдаланушының осы Шартта көрсетілген талаптарды орындау бойынша әрекеттерді жасауы (Қызметтерді пайдалану, Қызметтерді төлеу және т.б.) Пайдаланушының Шарт талаптарын сөзсіз қабылдағанын және оның Шартқа жалпы қосылғанынын білдіреді.

4. Жаңа Пайдаланушының Порталда орналастырылған 1 - өтінімнің электронды нысанына ЭЦҚ арқылы қол қоюы оның Шарт талаптарымен, сөзсіз қосылуын және оған толықтай қосылғанын білдіреді.

5. Пайдаланушы Порталда орналастырылған 2 - өтінімнің электронды нысанына ЭЦҚ арқылы қол қоя отырып, Қызметті қосуға және таңдаған Тарифтік жоспарға сәйкес тарифтелуіне өзінің сөзсіз келісуін білдіреді.

6. Тараптар Шартқа сәйкес Порталда құрылған және пайдаланушы ЭЦҚ арқылы қол қойған электронды құжаттарды (1, 2 – өтінімдер және т.б.), қағаз жүзіндегі құжатпен тең деп таниды.

7. Осы Шартқа қосыла отырып, Пайдаланушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, осы шартты орындау мақсатында Операторға және/немесе үшінші тұлғаларға қажетті Пайдаланушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге;

2) Пайдаланушыдан алған тіркеу деректерін және бақылау-касса машиналарын қолданып жүзеге асырылған ақшалай есеп айырысулар, операциялар туралы мәліметтерді жинауға, өңдеуге және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарына беруге;

3) Оператордың мемлекеттік кірістер органынан Пайдаланушының тіркеу деректерін және Пайдаланушы бақылау-касса машиналарын қолданып жүзеге асырған ақшалай есеп айырысулар, операциялар туралы мәліметтерді жинауға, өңдеуге, сонымен қатар, салықтық құпия болып табылатын Пайдаланушы туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған жауапкершілікті алуға;

4) Шарт бойынша қарызды өндіру жұмыстарын жүргізуге Оператор тартқан үшінші тұлғаларға Пайдаланушының дербес деректерін,

Пайдаланушы алған қызметтердің көлемі мен құны, қарыз сомасы туралы ақпаратты, қарыздың бар екенін растайтын құжаттарды және соған қажетті басқа да ақпараттарды беруге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органға беру үшін Пайдаланушы туралы қызметтік ақпаратты жинауға және өңдеуге келісім береді.

Пайдаланушы Шарттың 7-т. көрсетілген келісімді қайтарып алған жағдайда, Оператор бұл туралы Пайдаланушыға Шартты тоқтату болжанған күннен 5 (бес) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлап, Қызметтер көрсетуді және/немесе Шарттың әрекетін тоқтатуға құқылы.

3. ШАРТТЫҢ МӘНІ

8. Оператор осы Шарттың талаптарына сәйкес Пайдаланушыға Қызметтер көрсетеді, ал Пайдаланушы таңдаған Тарифтік жоспарға және Оператордың қызмет көрсету талаптарына сәйкес Қызметті пайдаланады, аталған Қызметті осы Шарттың талаптарына сай төлеуге міндеттенеді.

9. Қызметтер Пайдаланушыға келесі шарттар жиынтығы орындалғанда ұсынылады:

1) VPN- арнаны ұсынуға техникалық мүмкіндік бар;

2) Пайдаланушы 1-өтінімде көрсеткен деректер дұрыс болып табылады;

3) Пайдаланушы таңдаған Тарифтік жоспар БКМ-ді Пайдаланушыға Оператордың беруін қарастырғаннан басқа жағдайда, Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін БКМ-ді жекеменшік құқығында немесе басқа заңдық негізде иеленеді;

4) Пайдаланушы мен Оператор арасында жасалған басқа қызмет көрсету шарттары бойынша Пайдаланушының Оператор алдында қарызы жоқ;

5) Пайдаланушы Қызметтерді қосу күніне дейін Дербес шотында таңдаған Тарифтік жоспарларының әрқайсысы бойынша, осындай Тарифтік жоспарлар үшін Шарттың тиісті қосымшасымен белгіленген, ай сайынғы төлемге тең немесе одан артық соманың (ақшаның) болуын қамтамасыз етеді;

6) Пайдаланушы таңдаған Тарифтік жоспарына сәйкес, Қызметтерді қосу үшін қажетті басқа да талаптарды орындады.

10. Қызметтер мен Тарифтік жоспарлар туралы ақпарат Порталда орналастырылады, сонымен қатар Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметіне хабарласқанда Пайдаланушының назарына жеткізіледі.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

11. Оператор мыналарға міндеттенеді:

1) осы Шарт жасалып, БКМ тіркеуге алынып, Қызметтерге қосылғаннан кейін Қызмет көрсетуге кірісуге;

2) Пайдаланушыға қызметті осы Шартта қарастырылған көлемде және мерзімде және Пайдаланушы таңдаған Тарифтік жоспаға сәйкес көрсетеді;

3) Көрсетілген Қызметтердің және оған Пайдаланушы жасайтын төлем есебін жүргізуге;

4) Қызмет көрсету үдерісі және Порталда тіркеу барысында Пайдаланушыдан алған ақпараттың құпиялығын сақтауға. Құпия ақпаратты ашуға Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған жағдайларда жол беріледі;

5) Пайдаланушыға Жеке кабинетке қатынау мүмкіндігін беруге;

6) Қызметтерді алуды қиындататын немесе нашарлататын төтенше жағдайлардың туындауы туралы Пайдаланушыға уақтылы хабарлауға;

7) Оператордың Деректерді өңдеу орталығының іркіліссіз ақауға төзімді жұмысын қамтамасыз етуге;

8) БКМ Оператордың Деректерді өңдеу орталығымен VPN қосылуын қамтамасыз етуге;

9) Қызмет көрсетудегі ақауларды, үзілістерді жоюға және сапасының нашарлауын болдырмау шараларын қабылдауға;

10) Пайдаланушыға қызмет көрсетумен, Шарттың, тарифтердің, тарифтік жоспарлардың және т.б. өзгеруімен байланысты ресми хабарламаларды Порталда жариялауға;

11) Жұмыс күндері Порталда көрсетілген телефондар бойынша немесе Порталда көрсетілген электрондық пошта адресіне жолданған өтінімдерді қабылдау жолымен Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен 09 сағат 00 минуттан 18 сағат 00 минутқа дейін Пайдаланушыларға техникалық қолдау көрсетуге;

12) Порталда көрсетілген телефондар бойынша жұмыс күндері Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен 09 сағат 00 минуттан 19 сағат 00 минутқа дейін, ал демалыс және мейрам күндері 09 сағат 00 минуттан 15 сағат 00 минутқа дейін Пайдаланушыларға ақпараттық қолдау көрсетуге;

13) Пайдаланушының өтінімі бойынша Оператордың VPN – арнасының жұмысындағы бұзылымдарды жою үшін қажетті шаралар қолдануға, оларды жою үшін тиісті қызметкерлерді жіберуге міндеттенеді. VPN-арнаның жұмысындағы Оператордың кінәсынан болған бұзылымдарды жою уақыты клиенттің өтінімі тіркелген сәттен бастап, 72 сағаттан аспауы қажет.

12. Оператор мыналарға құқылы:

1) Осы Шарт бойынша өзіне барлық құқықтарды қалдыра отырып, мына жағдайларда Қызметтерді көрсетуді тоқтатуға:

төлем мерзімдері бұзылған кезде (қарыздың бары және сомасы туралы ақпарат Пайдаланушының Жеке кабинетінде көрінеді);

Оператордың негізделген пікірі бойынша Пайдаланушының Қызметтерді қолдануы Операторға залал келтіретін болса, және/немесе Оператордың және үшінші тұлғалардың техникалық және бағдарламалық құралдарының іркілісіне әкелетін болса;

Пайдаланушы кодтарды қамтитын, өз әрекеті бойынша компьютерлік вирустардың немесе оларға теңелетін басқа да компоненттердің тиісті әрекеттері Оператордың байланыс желісінің жұмысын бұзуға әкелетін кез келген ақпаратты немесе ЭЕМ арналған бағдарламаларды жариялаған немесе таратқан жағдайда;

егер Қызметтерді көрсету мемлекеттің қауіпсіздігіне және қорғаныс қабілетіне, адамдардың денсаулығына және қауіпсіздігіне қауіп төндіретін болса;

өкілетті мемлекеттік орган ұйғарымы негізінде;

Пайдаланушы осы Шарт талаптарын бұзған жағдайда.

Оператор Қызметтер көрсетуді Қызметтерді ұсынуды тоқтатуға негіз болған бұзушылық және/немесе орын алған жағдайлар жойылғаннан кейін қайтадан жаңартады;

2) осы Шарт талаптарын орындау үшін Пайдаланушыдан қажетті ақпаратты алуға;

3) осы Шартты орындауға үшінші тұлғаларды тартуға, олардың әрекеттеріне өз әрекеттеріндей жауап беруге;

4) осы Шарттың 35-тармағында қарастырылған тәртіпте, оның ішінде Пилоттық жобаның, сондай-ақ тарифтер мен Тарифтік жоспардың таралымын көбейтуге шешім қабылданған жағдайда, Шартқа өзгерістер және толықтырулар енгізуге;

5) осы Шарттың 12-тармағы 1) тармақшасымен қарастырылған негіздер бойынша Қызметтерді тоқтату күнінен бір күнтізбелік ай өткенде Шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтатуға. Қызметтер көрсетуді жаңартуды Оператор Жеке кабинетте берілген Пайдаланушының өтінімі бойынша, VPN-қосылуды ұсынуға техникалық мүмкіндік болған жағдайда, сонымен қатар Дербес шотында таңдаған Тарифтік жоспарларының әрқайсысы бойынша, осындай Тарифтік жоспарлар үшін Шарттың тиісті қосымшасымен белгіленген, ай сайынғы төлемге тең немесе одан артық сома (ақша) болғанда жүзеге асырылады;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған жағдайда және тәртіпте Шартты бұзуға;

7) Пайдаланушының қарызы болған жағдайда, осы қарызды талап ету үшін үшінші тұлғаларды тартуға. Пайдаланушының дербес деректерін, қолданған қызметінің сомасын, қарыз сомасын, қарыздың бар екенін растайтын құжаттар енетін және қарызды өтеуге қажетті барлық басқа ақпаратты Оператордың мұндай үшінші тұлғаға беретінімен Пайдаланушы келіседі.

13. Пайдаланушы мыналарға міндеттенеді:

1) Оператор Порталында орналастырылған нұсқаулыққа, сонымен қатар БКМ пайдаланушысының нұсқаулығына сәйкес, Оператордың Деректерді өңдеу орталығына БКМ-ді қосуға;

2) жерүсті VPN арнасы қосылғаннан кейін, Оператор бекіткен нысан бойынша тез арада жұмыстарды қабылдау актісіне және/немесе уақытша қолдануға жабдықты беру актісіне қол қоюға;

3) егер Пайдаланушының жергілікті байланыс желісі VPN арна қосу нүктесі БКМ-нан тыс орналасқан жағдайда ұйымдастырылған болса, онда Пайдаланушы БКМ-нен Оператордың VPN арнасына қосу нүктесіне дейін берілетін деректердің сақталуын және қауіпсіздігін өздігінен қамтамасыз етеді;

4) Оператор көрсететін Қызметтерге уақытылы және толық көлемде төлем жасауға;

5) Қызмет көрсетуді тоқтату қажеттілігі болғанда (БКМ тіркеуден шығару, есептен шығару және т.б.), қызметті тоқтататын айдың алдындағы айдың 25-не дейін, Портал арқылы қызметті тоқтатуға өтінім беру қажет. Сонымен бірге Қызметтерді көрсету тоқтатылады:

егер өтініш алдыңғы айдың 25-не дейін (қоса) берілсе, пайдаланушы тиісті өтініш берген айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап;

егер өтініш алдыңғы айдың 25-нен кейін берілген болса, пайдаланушы тиісті өтініш берген айдан кейінгі екінші айдың 01-нен бастап;

Пайдаланушы таңдаған Тарифтік жоспарда, Пайдаланушының бастамасы бойынша, Қызметтерді көрсетуді тоқтатудың басқа тәртібі қарастырылуы мүмкін;

Оператор Пайдаланушы тиісті өтінімді берген айдан кейінгі айдың 1-ші күнінен бастап қызмет көрсетуді және төлем есептеуді тоқтатады. Пайдаланушы таңдаған тарифтік жоспармен Пайдаланушының бастамасы бойынша Қызметтерді тоқтатудың басқа тәртібі қарастырылуы мүмкін;

6) тіркеу деректері мен авторлану ақпараттарының сақталуын және құпиялығын қамтамасыз етуге және өз ресурстарының баптауларын оны үшінші тұлғалардың жауапсыз пайдалануынан қорғау әдісін қолдана отырып іске асыруға. Осы аталған міндетті орындамаған жағдайда Пайдаланушы өзіне толық жауапкершілік артады. Шарттың әрекет ету мерзіміне Пайдаланушының тіркеу деректерін қолданып, іске асырылған барлық әрекет Пайдаланушы орындаған болып есептеледі;

7) тез арада Операторға хабарлауға:

Қызметті пайдалануда туындаған бұзылымдар туралы;

өзінің авторландырылған деректерінің жоғалғаны туралы немесе көзінің тіркеу және авторландырылған құпиялығының бұзылуына қатысты негізді күдік туған жағдайда;

8) Порталда тіркелгенде және 1, 2 – өтінімдерді беруде дұрыс ақпаратты ұсынуға, олар өзгерген жағдайда жедел түрде өзектендіруге;

9) Шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға бермеуге;

10) Қызметтерді пайдалану кезінде белгіленген техникалық талаптарды орындауға және жабдықтың бұзылуына және Оператордың Деректерді өңдеу орталығы мен байланыс желісі жұмысының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасамауға;

11) қызметі тоқтаған, қайта құрылған, құқығы қалпына келтірілген, таратылған (банкрот) жағдайда, Операторға тиісті шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға.

12) Шарт талаптарының, тарифтердің, Тарифтік жоспарлардың өзгеруі, желідегі апаттарды және оларды жою мерзімдері туралы ақпаратты қоса алғанда, Порталда орналастырылған Қызметтерді ұсынумен байланысты ресми ақпаратпен танысуға;

13) осы Шартты орындауда коррупцияға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға, сондай-ақ коррупцияға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарының бұзылуы фактісі туралы Операторға «тікелей желі» арқылы хабарлауға және Операторға Шартпен байланысты бухгалтерлік және басқа қаржылық-шаруашылық құжаттамаға кезеңдік аудит (тексеру) жүргізу мүмкіндігін беруге.

14. Пайдаланушы:

1) Қызметтерді Шартқа сәйкес пайдалануға;

2) Оператордан деректемелер, жұмыс кестесі, көрсетілетін қызметтер туралы қажетті ақпаратты ұсынуды талап етуге;

3) техникалық немесе ақпараттық қолдау қажет болған жағдайда Операторға Порталда көрсетілген телефондармен немесе Оператор Порталына өтінім жіберу арқылы хабарласуға.

4) Шарттың 13-тармағы 5) тармақшасында қарастырылған тәртіпте Портал арқылы Қызметті өшіруге өтінім беруге;

5) Шарттың 34-тармағына сәйкес біртараптық тәртіпте шартты бұзуға құқылы.

5. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

15. Осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер үшін барлық есеп айырысу, Шарттың 40-тармағында көрсетілген Оператордың банктік шотына аудару жолымен, теңгемен іске асырылады.

16. Пайдаланушы Қызметтерді қосу күніне дейін және одан кейінгі кезеңдерде есептесу айының 1-дегі жағдай бойынша дербес шотта көрсетілетін Қызметтер үшін ай сайынғы төлемдердің жалпы сомасынан кем емес соманың болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

17. Оператор Пайдаланушының дербес шотында жоғарыда көрсетілген сома болғанда ғана Қызметтерді қосуды жүзеге асырады.

18.Қызметтерді қосқаннан кейінгі кезеңдерде, егер, есептесу айының 1-де Пайдаланушының дербес шотындағы сома көрсетілетін Қызметтер үшін ай сайынғы төлемдердің сомасынан аз болса, Оператор Қызметтер көрсетуді тоқтатады. Қызметтерге қатынауды қайтадан жаңарту Пайдаланушының дербес шотына алдын ала төлем түскеннен кейін басталады.

19. Оператор есептесу айынан кейінгі күнтізбелік айдың 15-не дейінгі мерзімде электронды шот-фактуралар веб-порталы арқылы (www.esf.gov.kz) шот-фактура қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

20. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған жағдайда - Шарт талаптарына сәйкес ал Шартпен реттелмеген бөлігінде - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

21. Оператор Пайдаланушының Қызметтерді тиісті деңгейде пайдаланбағаны және/немесе пайдалана алмауы салдарынан туындаған қандай да бір шығындар үшін жауапты болмайды.

22. Оператор жауапты емес:

1) Шарттың міндеттемелерін орындамаудан және/немесе тиісті деңгейде орындамаудан Пайдаланушы мен үшінші тұлғалар арасында туындаған дауларға;

2) Оператордың жабдығы мен бағдарламалық жасақтамасын ауыстырған немесе техникалық құралдарының жұмыс істеу мүмкіндігін қолдау және дамыту қажеттілігінен туындаған басқа жұмыстарды жүргізетіндігі туралы Пайдаланушыға оларды жүргізу күнінен бір тәулік бұрын хабарлап, жүргізген жағдайда, Қызметтерді көрсетудегі толық немесе ішінара үзілістер үшін;

3) жергілікті жердің метеорологиялық жағдайының, рельефінің және өзге де объективті себептердің салдарынан радиотолқындарды тарату ерекшеліктеріне байланысты Қызметтер сапасының ықтимал нашарлауына;

4) Оператордың телефон арқылы берген консультациясы немесе Порталда орналасқан оның нұсқаулықтарын Пайдаланушының дұрыс орындамауынан Пайдаланушы үшін ықтимал қолайсыз салдар үшін;

5) Қызметтерді алу үшін Пайдаланушы пайдаланатын жабдықтың және бағдарламалық жасақтаманың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

6) Пайдаланушының ақаулы және/немесе Оператордың талаптарына сәйкес келмейтін жабдықты пайдалану салдарынан Қызметтердің қанағаттанарлықсыз сапасына, Қызметтерді көрсету мерзімдерінің бұзылуы немесе Қызметтерді көрсетудегі іркіліс үшін;

7) Пайдаланушының Қызметтерді қолдану кезінде Операторға беретін (алатын) ақпараттың мазмұны үшін;

8) Операторға байланысты емес жағдайлармен электр энергиясын берудегі іркілістерден болған Қызметтерді көрсетудегі үзілістер үшін;

Операторға тиесілі емес бағдарламалық жасақтама және жабдық бұзылған кездегі Қызметтерді көрсетудегі үзілістер үшін;

9) Қызмет көрсету мүмкін болмаған және/немесе сапаның төмендеуіне әкеп соғатын БКМ-ның техникалық ақауы үшін;

10) Қызметтерді пайдалану нәтижесінде Пайдаланушыға келтірген шығындарға;

11) Қызметтерді пайдалану барысында Пайдаланушыға көрсету барысында Пайдаланушы үшін туындаған ықтимал қолайсыз салдар үшін.

23. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін Оператордың жауапкершілігі тиісті Есепті кезең үшін Қызметті көрсету құнынан аспауы керек.

24. Шартпен қарастырылған міндеттемелер бұзылған жағдайда, Пайдаланушы қолайсыз салдар үшін жекеше жауапты болады.

25. Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтық құпия болып табылатын салық төлеуші туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін жауапкершілік алады.

7. ДҮЛЕЙ КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

26. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауынан немесе қажетті деңгейде орындамауынан, егер тиісінше орындамау дүлей күш жағдайларының салдарынан, яғни мұндай жағдайда соғыс (жергілікті жанжалдарды қоса алғанда), бүліктер, қаскөйлік істер, өрт, жарылыстар, су тасқыны немесе өзге де табиғи апаттар кіретін төтенше, күтпеген және жол бермеуге болмайтын жағдайлардың салдарынан орындау мүмкін болмағанын дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылады.

27. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудағы кешіктіру және орындамағаны үшін, егер кешіктіру немесе орындамау Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей ықпал ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері шығу салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

28. Дүлей күштің әрекетіне ұшыраған Тарап дүлей күштің сипаты, түрі, әрекетінің болжамды ұзақтығы туралы, сондай-ақ Шарт бойынша қандай міндеттемелерді орындауға кедергі келтіріп тұрғаны туралы басқа Тарапқа 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлауға және осындай жағдайлардың басталғаны туралы дәлелдеме беруге міндетті. Хабарлама болмаған жағдайда, дүлей күш әрекетіне ұшыраған Тарап алдағы уақытта оны жауапкершіліктен босататын негіздеме ретінде дүлей күш әрекетіне сүйене алмайды.

29. Дүлей күш жағдайларының болуы Тараптардың шарт бойынша міндеттерін орындау мерзімін оның қолданыс мерзіміне тең ұзартады. Дүлей күш жағдайларының әрекеті алтайдан аса уақытқа ұзарса, бір тараптың

ұсынысы бойынша, Тараптар әрі қарай әрекет ету талаптарын және/немесе Шартты бұзу мүмкіндігін қарастырады.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

30. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуға және түсіндірілуге жатады.

31. Шарт бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарастыруға жатады Сонымен қатар дауларды сот тәртібінде қарау Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында жүзеге асырылады.

9. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

32. Бұрыннан бар Пайдаланушылар үшін Шарт оны Порталда тіркеген күннен келесі күні күшіне енеді, немесе жаңа Пайдаланушылар үшін Пайдаланушының 1-өтінімінің электронды нұсқасына қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ол Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған тәртіпте бұзылғанша әрекет етеді.

33. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған жағдайларда бұзылуы мүмкін.

34. Пайдаланушы Шартты бұзудың болжамды күнінің алдындағы айдың 25-нен кешіктірмей Операторға жазбаша хабарлап, шартты біртарапты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт Пайдаланушы тиісті хабарлама жолдаған айдан кейінгі айдың 1-і күнінен бастап бұзылған болып есептеледі.

Пайдаланушы таңдаған Тарифтік жоспар бойынша оның бастамасымен Шартты бұзудың басқа тәртібі қарастырылуы мүмкін.

35. Енгізілген өзгерістер күшіне енген күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Шарттың өзгерген редакциясын Порталға орналастырумен, Оператор Шартты біртарапты тәртіпте өзгертуі мүмкін. Шарттың өзгерістері Шарттың өзгерген редакциясын орналастырғаннан кейін, осы орналастыруға қатысты өзгерістердің күшіне енуіне ұзақ мерзім қосымша белгіленбесе, 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді. Шарттың өзгерген редакциясын Порталға орналастырған кезден бастап, Пайдаланушы Оператор енгізген өзгерістер туралы хабарланды деп есептеледі. Пайдаланушы Оператор енгізген өзгерістермен келіспеген жағдайда, мұндай өзгерістер күшіне енген күнге дейін, Шарттың 13-тармағы 5) тармақшасында қарастырылған тәртіпте қызмет көрсетуді тоқтату туралы өтініш жасау арқылы Шарттан бас тартуға құқылы. Операторға көрсетілген уақытта мұндай өтінімнің түспеуі, сондай-ақ Пайдаланушының Шарт талаптарын орындау бойынша әрекеттерді жасауы (Қызметтерді пайдалану, Қызметтерге төлем жасау және т.б.) Пайдаланушының Шарттың өзгерістерін сөзсіз қабылдағанын және оның Шартқа жалпы қосылғанын білдіреді.

10 БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

36. Егер осы Шартта қарастырылмаған басқа да жағдайлар болса, Тараптар арасында осы Шарт бойынша ақпарат (материалдармен) алмасу тек жазбаша түрде жүзеге асырылады. Тараптардың жазбаша хат алмасуы поштамен, факспен, электронды почтамен, курьер арқылы жіберіледі, Тараптың (оның уәкілетті өкілінің) қолына тапсырылады немесе оның тапсырылған фактісін (күні, уақыты) және жіберуші туралы деректерді тіркеуге мүмкіндік беретін басқа да тәсілдермен жеткізіледі.

37. Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген Тараптардың қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

38. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалады.

39. Келесі қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады:

- 1) 1-қосымша. «ФДО қызметі» Тарифтік жоспары»
- 2) 2-қосымша. «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары»
- 3) 3-қосымша. «Жабдықты жалға қабылдау-тапсыру актісі».
- 4) 4-қосымша «БКМ-ді қызметке қосу бойынша орындалған жұмыстар актісі».
- 5) 5-қосымша «Тауарды қабылдау-тапсыру актісі».
- 6) 6-қосымша «Қорларды басқа жаққа беру жүкқұжаты».
- 7) 7-қосымша «Қызметті өшіру және/немесе Шартты бұзу туралы өтінім».
- 8) 8-қосымша «ФДО қызметі БКМ-ді жалға берумен» тарифтік жоспарын өзгерту туралы өтінім».
- 9) 9-қосымша «Жабдықты қайтару туралы акт».

12 ОПЕРАТОРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

40. «Қазақтелеком» АҚ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Сауран к-сі, 12-үй

Бенефициары: «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизион,

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050 000, Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 115, 4- қабат

БСН 000 341 001 112,

ЖСК KZ 716017131000000937 «Қазақстан халық банкі» АҚ,

БСК HSBKKZKX, Кбе 16, ТМК 852.

Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және
салық органдарына өзгермеген түрінде беру қызметін көрсетуге
арналған Үлгі шартына
1-қосымша

«ФДО қызметі» тарифтік жоспары

1 Жалпы ережелер

1. «ФДО» тарифтік жоспарына БКМ-ді қолданып жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысу операциялары туралы электронды ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгермеген түрінде беру қызметтері (бұдан әрі – Ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және беру)енеді.

2. «ФДО қызметі» тарифтік жоспары бойынша тариф (ай сайынғы төлем):

№	Қызметтің атауы	Бір айға төлем мөлшері, ҚҚС есебімен, теңгемен
1	ақшалай есеп айырысу операциялары туралы электронды ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгермеген түрінде беру қызметтері	1500,00

3. Пайдаланушы Шарттың 5-бөлімінде қарастырылған тәртіпте және мерзімде жүзеге асырады.

4. «ФДО қызметі» тарифтік жоспары бойынша қызметтер Пайдаланушыға келесі талаптар жиынтығы орындалғанда ұсынылады:

1) Шарттың 9-тармағында қарастырылған талаптар;

2) Пайдаланушы 2-өтінімді бергенде «ФДО қызметі» тарифтік жоспары таңдалған.

5. Қызметті қосардың алдында Пайдаланушы келесі әрекеттерді жасауы қажет:

1) Порталда Пайдаланушының жеке кабинетін тіркеу;

2) осы қосымшаның 2-тармағында белгіленген мөлшерде ай сайынғы төлем жасау;

3) БКМ-ді мемлекеттік кірістер органдарында тіркеуге қою;

4) БКМ-ді Порталдағы Пайдаланушының жеке кабинетінде тіркеуге қою;

5) «ФДО қызметі» тарифтік жоспары таңдалған 2-өтінімді беру;

6) БКМ-ді белсендіру және фискалдандыру.

6. Қызметті тоқтату қажеттілігі болған (уақытша бұғаттау) жағдайда, Пайдаланушы қызметті тоқтататын айдың алдындағы айдың 25 күнінен кешіктірмей, Портал арқылы Қызметтерді тоқтатуға өтінім береді.

7. Пайдаланушы тиісті өтінімді берген айдан кейінгі айдың 1 – күнінен бастап қызметтер көрсетуді тоқтатады.

Қызмет көрсетуді жаңғырту мына жағдайларда, Пайдаланушы Қызмет тоқтағаннан кейінгі бірінші чекті соққаннан кейін автоматты түрде басталады:

1) Пайдаланушының дербес шотында жаңғыртылған Қызмет үшін ай сайынғы жалпы төлем сомасынан кем емес соманың болуы;

2) Шарт бойынша басқа да Қызметтер үшін (олар бар болса) қарыздың болмауы.

8. Оператор Шарттың 35-тармағында көрсетілген тәртіпте Тарифтік жоспардың талаптарына осы қосымшада көрсетілген өзгерістерді енгізуге, Тарифтік жоспарды таратуға құқылы. Оператор Пайдаланушылардың назарына Тарифтік жоспардың талаптарының өзгергені/таратылғаны туралы тиісті ақпаратты Порталда жариялау арқылы жеткізеді.

9. Пайдаланушы келесі әрекеттерді орындап, басқа Тарифтік жоспарға ауысуға құқылы:

1) Есептік кезеңнің 25 – күнінен кешіктірмей Портал арқылы Тарифтік жоспарды өзгертуге өтінім беру;

2) таңдалған Тарифтік жоспармен белгіленген мөлшерде ай сайынғы төлемді жасау;

3) таңдалған Тарифтік жоспар бойынша Қызметті қосуға қажетті басқа да әрекеттерді жасау.

Тарифтік жоспарды өзгерту, Пайдаланушы таңдаған Тарифтік жоспармен басқаша қарастырылмаса, Пайдаланушы тиісті өтінімді берген айдан кейінгі айдың 1 – күнінде жүзеге асырылады.

2 Ақпараттық және техникалық қолдау көрсету шарттары

10. Оператор Пайдаланушыларға ақпараттық қолдауды жұмыс күндері 09 сағат 00 минуттан 19 сағат 00 минутқа дейін, демалыс және мереке күндері 09 сағат 00 минуттан 15 сағат 00 минутқа дейін және ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және беру қызметтерімен байланысты мәселелер бойынша техникалық қолдауды 09 сағат 00 минуттан 18 сағат 00 минутқа дейін көрсетеді:

1) Ақпараттық қолдауды - Порталда көрсетілген телефондар бойынша Пайдаланушының ауызша сұранысына орай аптасына 7 күн;

2) Техникалық қолдауды – жұмыс күндері Порталда көрсетілген телефондар бойынша Пайдаланушының ауызша сұранысына орай немесе Порталда көрсетілген электронды поштаның адресіне жолданған Пайдаланушының өтініміне сәйкес.

«ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары»

1 Жалпы ережелер

1. «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспарына келесі қызметтер енеді:

1) БКМ-ді қолданып жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысу операциялары туралы электронды ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгермеген түрінде беру қызметтері (бұдан әрі – Ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және беру);

2) БКМ-ді кейін Пайдаланушының жекеменшігіне тегін берумен 26 айға айға жалға беру қызметі.

2. «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша тариф (ай сайынғы төлем):

№	Қызметтің атауы	Бір айға төлем мөлшері, ҚҚС есебімен, теңгемен
1	«ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» қызметтер топтамасы, оның ішінде:	4 999,00
1)	ақшалай есеп айырысу операциялары туралы электронды ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгермеген түрінде беру қызметтері	1500,00
2)	БКМ-ді жалға алу	3 499,00

3. «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» тарифтік жоспары Пайдаланушыларға осы тарифтік жоспарға енгізілген қызметтер топтамасын көрсетудің мақсаттылығын бағалау мақсатында Оператор өткізетін пилоттық жоба (әрі қарай – Пилоттық жоба) аясында әрекет етеді.

Пилоттық жобаны іске асыру мерзімі –2018 жылғы 4 желтоқсаннан 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Пилоттық жоба аймағы - Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары.

Пилоттық жоба аясында берілетін БКМ саны шектеулі.

4. Оператор Шарттың 35-тармағында қарастырылған тәртіпте осы қосымшада қарастырылған Пилоттық жоба мен Тарифтік жоспарға өзгерістер енгізуге құқылы.

5. Оператор Порталда тиісті ақпаратты жариялау арқылы Пайдаланушыларға Пилоттық жобаның және осы қосымшада қарастырылған Тарифтік жоспардың шарттарының өзгеруі туралы хабарлайды.

6. Пилоттық жобаны іске асыру нәтижелері бойынша Оператор келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) Пилоттық жобаның таралымын көбейту туралы;
- 2) «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» тарифтік жобасын тарату туралы. «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» тарифтік жобасын таратқан жағдайда, Пайдаланушы Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанша, Оператор аталған Тарифтік жоспардың талаптарын сақтауға құқылы.

6-1. Осы қосымшаның 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Оператор пилоттық жобаны 2020 жылдың 1 қаңтарында аяқтау туралы шешім қабылдады.

6-2. Пилоттық жобаның аяқталуына байланысты, 2020 жылдың 01 қаңтарынан бастап «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» тарифтік жоспар қызметіне қосылу тоқтатылады.

6-3. Пилоттық жобаның аяқталуына байланысты, осы Тарифтік жоспар бойынша қызметті 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін қосқан пайдаланушылар мыналарға құқылы:

- 1) «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» тарифтік жоспарына сәйкес белгіленген мерзімде қызметті пайдалану;
- 2) «ФДО қызметі» тарифтік жоспарына өту;
- 3) «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» тарифтік жоспары бойынша қызметті өшіру (егер қызмет Пайдаланушыға, Шартқа сәйкес, әртүрлі Тарифтік жоспарларда қосылған жағдайда);
- 4) Шартты бұзу.

Қызметті өшіру, Келісімді бұзу және «ФДО қызметі» тарифтік жоспарына қосылу тәртібі осы қосымшаның 3-бөлімінің 19-1-19-4 тармақтарында қарастырылған.

2 Айрықша жағдайлар

7. «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша қызметтер Пайдаланушыға келесі талаптар жиынтығы орындалғанда Пилоттық жоба аймағында ұсынылады:

- 1) Шарттың 9-тармағында көрсетілген талаптар;
- 2) Пайдаланушы 2-өтінімді бергенде «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары таңдалған;
- 3) Пилоттық жоба аясында жалға берілетін БКМ бар болғанда.

8. Оператор осы қосымшаның 6-бөлімінде көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келетін БКМ-ді қабылдау-тапсыру актісі бойынша Пайдаланушыға жалға береді (Шартқа 3-қосымша).

БКМ-ді Пайдаланушыға берген күннен бастап БКМ-ның бұзылуы және кездейсоқ жойылуы бойынша тәуекелді Пайдаланушы артады.

9. Пайдаланушы Қызметті қосардың алдында келесі әрекеттерді орындауы қажет:

1) Порталда Пайдаланушының Жеке кабинетін тіркеу қажет;

2) осы қосымшаның 2-тармағында белгіленген мөлшерде айсайынғы төлем жасау;

3) 1-өтінімге қол қойғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы қосымшаның 3-бөлімінде көрсетілген Техникалық қызмет көрсету орталығына (әрі қарай – ТҚО) БКМ-ді алу үшін хабарласу керек. БКМ-ді алғанда Пайдаланушы оны жабдықты жалға алу қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылдауы қажет (Шартқа 3-қосымша);

4) БКМ-ді мемлекеттік кіріс органдарында есепке қоюы қажет;

5) БКМ-ді Порталдағы Пайдаланушының Жеке кабинетінде тіркеуге қоюы қажет;

6) «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары таңдап, 2-өтінімді беру;

7) БКМ-ді белсендіру және фискалдау.

10. БКМ-ді Пайдаланушыға беруде, ТҚО:

1) БКМ-ді пайдалану ережелері бойынша нұсқаулық жүргізеді;

2) Пайдаланушының талабы бойынша, Пайдаланушыда ЭЦҚ бар болса, ол осы қосымшаның 9-тармағының 4)-7) тармақшаларында қарастырылған әрекеттерді жасағанда қосымша төлемсіз Пайдаланушыға көмек көрсетеді. Бұл жерде Пайдаланушы БКМ-ді Қызметке қосу бойынша орындалған жұмыстар актісіне қол қоюға міндетті (Шарттың 4 -қосымшасы).

11. Пайдаланушы осы қосымшаның 7 және 9 - тармақтарында қарастырылған әрекеттерді жасағаннан кейін Оператор Қызмет көрсетуді бастайды.

12. Пайдаланушы мыналарға міндетті:

1) осы қосымшаның 9-тармағының 3)-7) тармақшаларында қарастырылған әрекеттерді жасағанда, Оператор Порталында орналастырылған нұқсулықта және БКМ пайдалану бойынша нұсқаулықта қарастырылған тапатарды сақтауға; Пайдаланушы осы тармақшадағы талаптарды орындамаған жағдайда, Оператор БКМ-нің жұмыс қабылеті мен ақпаратты қабылдау, сақтау және беру Қызметінің сапасына жауапкершілік артпайды;

2) БКМ-ді мемлекеттік кірістер органдарында есепке қою орны бойынша пайдалануға (Пилоттық жоба аймағы шегінде);

3) БКМ-ді сақтауды және пайдалану нұсқаулығына сәйкес пайдалануды қамтамасыз етуге, сондай-ақ оны жоғалтқан немесе бұзған жағдайда жауапкершілік алуға;

4) Оператордың жазбаша келісімінсіз БКМ-ге конструктивті өзгерістер жасамауға (жаңғыртпауға), БКМ-ді үшінші тұлғаларға бермеуге,

Пайдаланушының Жеке кабинетінде көрсетілген мекенжайдан Қызметті және БКМ-ді өз бетінше көшірмеуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайда және тәртіпте БКМ-ді мемлекеттік кірістер органдарынан тіркеуден алуға:

осы қосымшаның 1-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген жалға алу мерзімі аяқталғанша, сондай-ақ «БКМ қайтарумен «ФДО қызметі» тарифтік жоспарына ауысқан кезде, Пайдаланушының бастамасымен Шарт бұзылса немесе Қызметтер көрсету тоқтатылса – Пайдаланушы тиісті өтінім берген айдың соңғы күнінен кешіктірмей;

Оператордың бастамасымен осы қосымшаның 1-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген жалға алу мерзімі аяқталғанша Шарт әрекетін немесе Қызметтер көрсетуді тоқтатқанда – Оператор Пайдаланушының электронды поштасына (Порталда тіркелгенде көрсетілген немесе басқа тәсілмен алынған) тиісті талапты жолдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда;

6) Пайдаланушының немесе үшінші тұлғаның кінәсынан бұзылғанда (БКМ істен шыққанда) 24 (жиырма төрт) сағат ішінде БКМ-ді ТҚО-ға жөндеуге беруге және оның шығындарын өтеу. Жөндеу жұмыстарының бағасын ТҚО өз бетінше қояды. Егер бұзылған БКМ жөндеуге келмесе, ТҚО ақаулық актісін жасайды;

7) Пайдаланушының кінәсынан БКМ жөндеуге келмесе немесе БКМ жоғалса, ТҚО ақаулық актісін жасағаннан немесе БКМ жоғалғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Операторға осы қосымшаның 16-тармағында қарастырылған көлемде БКМ-нің қалдық құнын төлеуге.

13. Оператор осы қосымшаның 1-тармағы 2) тармақшасындағы жалға беру мерзімі өткен соң:

1) Тауарды қабылдау-тапсыру актісі (Шарттың 5 -қосымшасы) және қорларды сыртқа беру жүкқұжаты (Шарттың 6 -қосымшасы) бойынша Пайдаланушының жекеменшігіне БКМ-ді тегін береді.

Пайдаланушы осы қосымшаның 1-тармағы 2) тармақшасындағы жалға алу мерзімі біткен соң, 7 (жеті) күннен кешіктірмей жоғарыда аталған құжаттарды рәсімдеу және қол қою үшін ТҚО-ға хабарласады.

Тауарды қабылдау-тапсыру актісінде және қорларды сыртқа беру жүкқұжатында осы құжаттардың жасалған күніне БКМ қалдық құны көрсетіледі.

Пайдаланушы БКМ-ді тегін алуға байланысты, Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес туындаған салықтық міндеттемелерді орындауға жауапкершілік артады.

2) Қызметтерді «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспарынан «ФДО қызметі» Тарифтік жоспарына немесе Пайдаланушы құжаттарға қол қойған айдан кейінгі айдың 1-күніне таңдаған басқа Тарифтік

жоспарға ауыстыруды жүзеге асырады (осы Шарттың 8 –қосымшасындағы нысан бойынша).

14. «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша:

1) Пайдаланушының бастамасымен Қызметтерді уақытша тоқтатуға (уақытша бұғаттауға) жол берілмейді;

2) Пайдаланушыға берген БКМ-де кепілдік мерзім ішінде ақау табылса, БКМ-ді ауыстыру Пайдаланушы тиісті өтінім бергеннен 7 (жеті) жұмыс күні ішінде кейін жүргізіледі.

3 Қызметтер көрсетуді жедел тоқтату және/немесе Шартты бұзу

15. Шарттың 12-тармағының 5) тармақшасына, 13-тармағының 5) тармақшасына сәйкес «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша қызметтерді осы қосымшаның 1-тармағы 2) қосымшасындағы жалға беру мерзімі өткенше Пайдаланушының бастамасымен тоқтатқанда және /немесе Шартты бұзғанда, осы қосымшаның 6.3-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Пайдаланушы БКМ-ді қалдық құны бойынша сатып алуға немесе БКМ-ді өтемақысын төлеумен Операторға қайтаруға міндетті. Қалдық құн мен өтемақы мөлшері осы қосымшаның 16-тармағына сәйкес анықталады.

16. осы қосымшаның 12-тармағы 7) тармақшасында және 15-тармағында көрсетілген жағдайлардағы БКМ қалдық құны мен өтемақы сомасын есептеу тәртібі:

1) БКМ қалдық құны келесі тәртіпте анықталады:

«ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша БКМ-ді пайдаланған алғашқы үш айда – ҚҚС есебімен 63 600 (алпыс үш мың алты жүз) теңге;

«ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша БКМ-ді қолданған төртінші айдан бастап – мына формула бойынша анықталған көлемде:

$$ОСс = ОСа - \frac{ОСа}{СЭк} * (СЭф - 3),$$

мұнда:

ОСс – төлеуге жататын БКМ қалдық құны;

ОСа – жабдықты жалға қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген БКМ құнының 50% тең келетін БКМ құны;

СЭк – 12-ге тең БКМ пайдалану коэффициенті;

СЭф – пайдаланушы осы қосымшаның 2-тармағында көрсетілген төлемді төлеген айлар санына тең кезең;

2) өтемақы сомасы келесі тәртіпте анықталады:

(1) ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша БКМ-ді пайдаланған алғашқы үш айда – мына формула бойынша анықталған көлемде:

$$ОС_k = ОС_a/3,$$

мұнда:

ОС_к – өтеуге жататын БКМ қалдық сомасы;

ОС_а – жабдықты жалға қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген БКМ құнының 50% -на тең келетін БКМ құны;

(2) «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша БКМ-ді қолданған төртінші айдан бастап – мына формула бойынша анықталған көлемде:

$$ОС_k = (ОС_a - \frac{ОС_a}{СЭ_k} * (СЭ_ф - 3))/3,$$

мұнда:

ОС_к – өтеуге жататын БКМ қалдық сомасы;

ОС_а – жабдықты жалға қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген БКМ құнының 50% тең келетін БКМ құны;

СЭ_к – 12-ге тең БКМ пайдалану коэффициенті;

СЭ_ф – пайдаланушы осы қосымшаның 2-тармағында көрсетілген төлемді төлеген айлар санына тең кезең;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес есептелген БКМ құны және өтемақы сомасы мынаны құрайды:

Пайдаланушы осы қосымшаның 2-тармағында көрсетілген төлемді жасаған айлар саны	БКМ қалдық құны (ҚҚС-ты қоса есептегенде, теңгемен)	Өтемақы сомасы (ҚҚС-ты есептемегенде, теңгемен)
1	37 112	10 600
2	33 456	10 600
3	31 800	10 600
4	29 150	9 717
5	26 500	8 833
6	23 850	7 950
7	21 200	7 067
8	18 550	6 183
9	15 900	5 300
10	13 250	4 417
11	10 600	3 533
12	7 950	2 650
13	5 300	1 767
14	2 650	883

17. БКМ-ді қалдық құны бойынша сатып алу тәртібі:

1) Пайдаланушы «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша Қызметтерді тоқтатуды және/немесе Шартты бұзу

жоспарланған күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын ТҚО-ға Шарттың 7-қосымшасында қарастырылған нысанда тиісті өтінім беруге міндетті;

2) Оператор Пайдаланушының өтінімін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, Пайдаланушының өтініміндегі электронды поштасына осы қосымшаның 16-тармағына сай анықталған БКМ қалдық құны көрсетілген және Пайдаланушының төлеуіне жататын төлем шотын жолдайды;

3) Пайдаланушы төлем шотын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, онда көрсетілген БКМ қалдық құнын төлеуге және БКМ-ді қабылдау-тапсыру актісі және қорларды сыртқа беру жүкқұжатына сәйкес жекеменшігіне қабылдауға міндетті. Осы құжаттарға қол қою үшін пайдаланушы ТҚО-ға хабарласуы қажет.

18. «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша Қызметтерді тоқтатқан жағдайда және/немесе Шартты бұзу бойынша осы қосымшаның 1-тармағы 2) тармақшаларында қарастырылған БКМ қайтару және өтемақы жасау, Қызметтерді тоқтату тәртібі:

1) Пайдаланушы «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша Қызметтерді көрсету тоқтатылғанша және/немесе Шарт бұзылатын күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын ТҚО-ға Шарттың 7-қосымшасындағы нысан бойынша өтінім беруге міндетті;

2) Оператор Пайдаланушының өтінімін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, Пайдаланушының өтініміндегі электронды поштасына төлемақы сомасы көрсетілген және Пайдаланушының төлеуіне жататын төлем шотын жолдайды;

3) Пайдаланушы мыналарға міндетті:

Төлем шотын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, онда көрсетілген өтемақы сомасын төлеуге;

«ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» Тарифтік жоспары бойынша қызмет тоқтаған және/немесе шарт бұзылған күннен кешіктірмей БКМ-ді Операторға жабдықты қайтару актісі бойынша беруге (Шарттың 9-қосымшасы). БКМ-ді қайтару, рәсімдеу және жабдықты қайтару актісіне қол қою үшін Пайдаланушы ҚТО-ға хабарласуы қажет.

19. Пайдаланушы келесі әрекеттерді жасай отырып, осы қосымшаның 1-тармағы 2) тармақшасында қарастырылған жалға алу мерзімі аяқталғанша, басмқа Тарифтік жоспарға ауысуға құқылы:

1) Есептік кезеңнің 10-күнінен кешіктірмей ҚТО-ға Тарифтік жоспарды өзгертуге (Шарттың 8-қосымшасы) өтінім беруге;

2) Осы қосымшаның 17 (БКМ-ді қалдық құнымен сатып алғанда) және 18 (БКМ-ді қайтарғанда) тармақтарында қарастырылған талаптарды орындауға;

3) таңдалған Тарифтік жоспарымен белгілеген көлемде ай сайынғы төлем жасауға;

4) таңдалған Тарифтік жоспары бойынша Қызметті қосуға қажетті басқа әрекеттерді орындауға.

Тарифтік жоспарды өзгерту, егер Пайдаланушы таңдаған Тарифтік жоспармен басқаша қарастырылмаса, Пайдаланушы өтінім берген айдан кейінгі айдың 1-күніне іске асырылады.

19-1. Пилоттық жобаның аяқталуына байланысты Пайдаланушы 2020 жылғы 25 наурыздан кешіктірмей, Шарттың 8-1 қосымшасында көрсетілген нысан бойынша қызметті өшіру/ Келісімді бұзу / пилоттық жобаның аяқталуына байланысты тарифтік жоспарды өзгерту туралы ТҚО-ға өтініш беруі керек.

Егер Пайдаланушы 2020 жылдың 25 наурызына дейін (қоса алғанда) сәйкес өтініш бермеген жағдайда, Оператор Пайдаланушыға «ФДО қызметі жалға алған БКМ-мен» тарифтік жоспары бойынша белгіленген мерзімде қызметті көрсете береді.

Егер осы тармақта көрсетілген өтініш Қызметтің тоқтатылуынан/ Шарттың бұзылуынан/ «Өшіру қызметі» Тарифтік жоспарына ауысудан алдыңғы айдың 25-не дейін ұсынылса, Оператор Қызметті тоқтатуды/ Шартты бұзуды/ «ФДО қызметі» тарифтік жоспарына ауыстыруды Пайдаланушы тиісті өтініш берген айдан кейінгі келесі айдың 1-күнінен бастап жүзеге асырады.

